

**Бөкей ордасы аудандық мәслихатының 2017 жылғы 10 қазандағы № 12-4 "Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" шешімінің күшін жою туралы**

Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 18 наурыздағы № 25-6 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 26 наурызда № 5583 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бөкей ордасы аудандық мәслихатының 2017 жылғы 10 қазандағы № 12-4 "Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4941 тіркелген, 2017 жылғы 7 қарашада Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Аудандық мәслихат аппаратының басшысы (А.Хайруллин) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Е.Мендешев*

*Мәслихат хатшысы*

*Е.Таңатов*